


ӘДЕБИ-МӘДЕНИ ӘЛЕМ



ЕБІНЕЙ БӨКЕТОВ – 90

Жуырда Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде аса көрнекті ғалымымыз Ебіней Арыстанұлы Бөкетовтің 90 жылдығына арналған ғылыми-тәлімгерлік конференция болып өтті. Конференцияға өліміздің түкпір-түкпірінен ғалымдар, оқымыстының шәкірттері жиналып, баяндамалар оқылды. Түрлі пікірлер, ойлар айтылды. Бұл жиынға мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтан Досмағамбетов, республика Ғылым академиясының президенті, академик Мұрат Жұрынов, көрнекті академиктер Төрегөзді Шарманов, Зейнолла Молдахметов, Сұлтанбек Қожахметов, Әбдірәсіл Жарменов, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденттері Манат Толымбеков, Арыстан Ғазалиев, ғылым докторлары Темірғали Көкетаев, Болат Ермағамбет, Әбдуали Баешев және т.б. ғалымдар мен оқымыстылар қатысты. Алматыдан ғалымның қыздары, профессор Ақсұлу мен бизнес-әкімшілеу докторы Диляпруз арнайы шақырылып, сөз сөйледі. Конференцияны университет ректоры, профессор Еркін Көбеев ашты. Ол өз сөзінде ғалымның сан қырлы еңбектерін, ғылымдағы, әдебиеттегі, өнердегі еркін істерін атап өтіп, оның ғылым мен білімді ұйымдастырушы ретіндегі қажырлы қызметіне тоқталды.

Осынау алқалы жиын алаштың ажайтөс ұлы Ебіней ағаға арналғанымен, бұл мерекелік салтанат бүкіл қазақ ғылымы мен мәдениетін көктей шолған жиын болды. Өйткені себебі Ебіней Арыстанұлы артына ғылыми да, әдеби де ұлан-ғайыр мол мұра қалдырып, онысын ел-жұрты, жас жеткіншектер тұшына оқып-танып, ізерлей зерттеп, көделеріне жаратып жүргені мәлім.

Ебіней Бөкетов соқтықалы-соқпақсыз өмір кешті, жасынан зерделі жан оқу мен білімді зор мақсат тұтып, ғылымның биік шыңдарына жетіп, өзі металлургия саласында тұтас ілім жүйесінің ізін салып берді. Оның біразы осы конференцияда айтылды, әлі айтылады да. Ол өзі азу биіктерге жетті өрі артынан өрген бауырларын да оқытып жетілдірді. Және де ең маңыздысы, ғылымда өзінің дара соқпағын салып, ғылыми мектеп ашып кетті. Оны көзі тірісінде сол кездегі одақтың ғалымдары мойындап, жоғары бағалай білді.

Конференцияда сөз сөйлеген шешендер аса көрнекті ғалымның ғұмыр жолын, ғылым жолын парактай көліп, оның өсімімен Астана шаһарында орталық көшелердің бірін атауды ұсынды. Университет ғалымдары сонымен бірге ұлы оқымыстыға арнап қазақ және орыс тілінде шығарған "Ебіней Арыстанұлы Бөкетовтің әлемі" атты 500 беттік естелік кітабының тұсаукесерін өткізді. Академик жайлы кинофильм көрсетіліп, жиын аяғында университет шәкірттерінің күшімен Ебіней аға хақында мазмұнды спектакль қойылды.

Бақытжан ТОБАЯҚОВ,
Е.Бөкетовтің шәкірті,
ақын, ҒАЛЫМ